

АҚШАНЫҢ ҮНІ – АШЫҚТЫҚТА

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ ЖАЗЫЛУДА

ҮКІМЕТ



Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының былтыр ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономиканы цифрлық трансформациялауға көшіруге қатысты берген тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту, цифрлық теңге арқылы бюджет қаражатын жұмсаудың қадағалануын және тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларды іске асырудың ағымдағы жағдайы мен алдағы жоспарлары қаралды. ҚР Ұлттық банкі төрағасы Тимур Сүлейменов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы Асхат Жұмағалидің қатысуымен қаржы экожүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылар құқығын қорғау, алаяқтық транзакциялармен күресу шаралары талқыланды.

Ұлттық банк төрағасының кеңесшісі Бінұр Жәленов қаржы инфрақұрылымының негізгі құрамдас бөліктерін – банкаралық төлем карточкалары жүйесін, Open API, Антифрод-орталық, цифрлық теңгені дамыту тәсілдерін ұсынды. Бүгінгі таңда Банк жүйелері арқылы еліміздегі барлық төлем айналымының 90%-ын және цифрлы биометриялық сәйкестендіруге 30 млн-ға жуық сұраныс өңделуде. Антифрод-орталық уақтылы бұғаттаған заңсыз транзакциялар көлемі 2 млрд теңгені құрады, жалпы 36 мыңнан астам оқиға анықталды. Технологиялық плат-

формаға 108 ұйым, оның ішінде барлық екінші деңгейлі банк, ірі төлем ұйымдары мен микро қаржы ұйымдары қосылған. Сондай-ақ биылғы шілде айында екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, QR арқылы банкаралық төлем қызметін іске қосу жоспарланып отыр.

Мемлекет қаражатының жұмсалуды қадағалау мақсатында 2024 жылы іске қосылған цифрлық теңгені қолданатын пилоттық жоба барысы талқыланды.

(Жалғасы 3-бетте)



СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ

ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫ: ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев әдеттегідей сәрсенбі күні азаматтарды жеке мәселелері бойынша кезекті рет қабылдады. Жиынға қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары және жауапты бөлім басшылары да қатысты.

Кездесу барысында қала тұрғындары өздерін толғандырған бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, жол инфрақұрылымын жақсарту, тұрғын үйге кезекпен берілу жүйесінің тиімділігі, көріз жүйесінің жұмысы, көше жарықтандыруы, медициналық қызметтің сапасы, қаланы газдандыру және шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар қаланы абаттандыру, қоқыс шығару қызметінің сапасы мен құжат рәсімдеуге байланысты туындаған түйткілдер де назардан тыс қалған жоқ.

Әкім әрбір азаматтың өтінішін жеке тыңдап, нақты жауаптар мен түсініктемелер берді. Қойылған сұрақтар мен шағымдар негізінде тиісті құрылымдық бөлімшелерге тапсырмалар жүктеліп, шешімін талап ететін мәселелер депутаттық бақылауға алынды. Қабылдау барысында қала әкімдігі мен мәслихат арасындағы өзара тиімді байланыстар тұрғындардың мәселелерін жедел әрі жүйелі түрде шешуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Дәулет АСАУ

ЖАСТАР САЯСАТЫ

TEDx КЕЗДЕСУ

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БАҒДАР ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ БАСҚОСУ

Қосшы қаласының қоғамдық мәдени спорт кешенінде жастарға арналған «Нашақорлық – қауіпті індет, алдын алу – міндет!» тақырыбында TEDx форматында кездесу ұйымдастырылды.

Бұл шараға қоғам мен жастар арасындағы маңызды мәселелерді көтеру мақсатында еліміздің түрлі саладағы мамандары қатысты. Олардың қатарында «Қазақстан медицина жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, жас хирург Абылайхан Әбдіраш, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Олжас Бейсенбаев, «Esbol Qoғu» төрағасы, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің мүшесі Жандос Ақтаев, «Dauletten» қайырымдылық қорының президенті Қуандық Бостандықұлы, Қазақстан Студенттері Альянсының төрағасы Наукен Аманқазыұлы, сондай-ақ Ақмола облысы «Жастар ресурстық орталығы» МКМ басшысы Дастан Ермеков және жергілікті прокуратура мен полиция өкілдері болды.

Кездесудің басты мақсаты – нашақорлықтың зияны мен оның алдын алу жолдары туралы ақпараттандыру, сондай-ақ жас қауымның әлеуметтік мәселелерін шешу, олардың қоғамдық белсенділігін арттыру, кәсіптік бағдарлау мен мамандық таңдау мәселелеріне көңіл бөлу болды. Спикерлер әртүрлі тақырыптар бойынша жастарға пайдалы ақпараттар беріп, оларды өмірлік мақсаттарына жетуге, өздеріне сенім артуға шақырды. Оқушылар мен жастардың

сұрақтарына жауап бере отырып, мамандық таңдаудағы қадамдарды, ең бастысы, өз болашағын анықтау жолдарын түсіндірді.

Аталған басқосудағы ең ауқымды тақырыптардың бірі – «Мамандық таңдаудағы негізгі қадамдар мен кәсіптік бағдар». Кәсіби бағдарлау, мамандық әлеміндегі мүмкіндіктер мен қажеттіліктер туралы айтылған ойлар, әсіресе, мектеп оқушылары үшін өте маңызды әрі пайдалы болды.

Жиын барысында жастардың болашағы үшін маңызды мәселелер талқыланып, оларды шешу жолдары мен бағыттары айқындалды. Мұндай іс-шаралар жастардың әлеуметтік, кәсіби және қоғамдық дамуына зор ықпалын тигізіп, олардың өз армандарына жету жолындағы алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Ақмола облысы жастар ресурстық орталығының басшысы Дастан Амангелдіұлы қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік бастамаларға және волонтерлік қызметке белсенді қатысқан Қосшы қаласының волонтерлерін марапаттады.

Өз тілшімізден



ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Оқушылар жұмысшы мамандықтарымен танысты

Қосшы қаласының мектептерінде «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ауқымды кәсіптік бағдар беру шаралары ұйымдастырылды.



Атап айтқанда, Шучинск қаласындағы «Жоғары орман, экология және туризм» колледжінің мамандары Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының 8 мектебінен 900-ге жуық 9-сынып оқушысымен кездесу өткізді. Бұл жиындардың басты мақсаты – оқушыларға болашақ мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беру және техникалық, жұмысшы мамандықтарының маңызын түсіндіру.

Колледж өкілдері оқу орнының материалдық-техникалық базасы, білім беру бағдарламалары және студенттерге арналған мүмкіндіктер туралы кеңінен айтып берді. Сонымен қатар орман шаруашылығы, экология және туризм салалары бойынша қандай мамандықтарға оқуға болатыны, осы салалардың болашағы мен еңбек нарығындағы сұранысы жайлы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Оқушылар үшін бұл кездесулер пайдалы әрі қызықты өтті. Олар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар алды. Көптеген оқушылар экология мен табиғатты қорғау саласына, сондай-ақ

туризм индустриясына қызығушылық танытты. Кәсіптік бағдар беру барысында колледж студенттерінің жетістіктері, тәжірибелік сабақтар мен өндірістік тәжірибе алу мүмкіндіктері де айтылды.

Мамандардың айтуынша, мұндай кездесулер жастардың кәсіби болашағына оң ықпал етеді. Себебі техникалық және қолданбалы мамандықтар еліміздің дамуында маңызды рөл атқарады. Мемлекет қазіргі уақытта осы бағыттағы кадрлар даярлауға ерекше көңіл бөліп отыр.

Шара соңында оқушыларға ақпараттық парақшалар мен колледж туралы буклеттер таратылып, сондай-ақ қызығушылық танытқандарға арнайы қабылдау комиссиясына жүгіну керектігі айтылды. Алдағы уақытта осындай кәсіптік бағдар беру кездесулері басқа да аймақтарда жалғасады деп жоспарлануда.

Бұл бастаманы Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Амангелді Төребаев пен «AMANAT» партиясының Қосшы қалалық филиалы ұйымдастырғанын айта кеткен жөн.

Қаржылық сауаттылық курстары жүйелі өтеді

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ

Қосшы қаласында «AMANAT» партиясының бастамасымен тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында екі рет арнайы дәрістер ұйымдастырылып, онда қатысушылар қаржыны тиімді басқарудың қыр-сырымен танысты.

Алғашқы курс 31 наурыз бен 4 сәуір аралығында өткізілсе, екінші қаржылық сауаттылық оқулары 7-11 сәуір күндері аралығында өтті. Бұл сабақтарда қатысушылар тек қаржылық біліммен ғана қаруланып қоймай, сонымен бірге банктер мен микроқаржы ұйымда алдындағы мерзімі өткен қарыздардан құтылу жолдарын да үйренді. Тиісті заңгерлік кеңестер мен қолдау көрсету арқылы тұрғындарға нақты әрі тиімді шешімдер ұсынылды.

Партия филиалының бастамасымен қаржылық түсіндіру жұмыстары тек дәріс залдарында ғана емес, қоғамдық орындарда – халыққа қызмет көрсету орталығы мен қоғамдық көлік нысандарында да жүргізіліп

келеді. Бұл арқылы көмекке мұқтаж азаматтардың кең ауқымын қамту көзделген.

Сонымен қатар «Құқықтық көмек» партиялық жобасы шеңберінде тұрақты түрде қоғамдық қабылдаулар ұйымдастырып отырады. Бұл қабылдауларда тәжірибелі заңгерлер тұрғындардың жеке сұрақтары бойынша кеңес береді. Қала тұрғындары көбінесе үй мен жер телімін рәсімдеу, алимент төлеу, мүлікке қатысты құқықтық даулар секілді мәселелермен жүгінуде. Барлық сауалдар мұқият қаралып, қолданыстағы заңнама аясында толық әрі жатық тілмен түсіндірме берілді.

Алдағы уақытта, нақты айтқанда, тамыз айында үшінші қаржылық сауаттылық курсын өткізу жоспарлануда. Бұл бастама өзекті мәселелердің алдын алып, азаматтардың қаржылық мәдениетін арттыруға, құқықтық сауаттылығын жетілдіруге үлес қосады деп күтілуде.

Аталған жоба – партияның халықпен тікелей байланыс орнатуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдарының бірі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Товарищество с ограниченной ответственностью «Белка & Со», БИН: 190340020001. Юридический адрес: г. Косшы, улица Республики 1/1, кв 23 (офис)

На основании решения учредителя от 10.04.2025 ТОО «Белка & Со» принимает решение о добровольной ликвидации.

В связи с этим, кредиторы и иные заинтересованные лица могут предъявить

свои требования по адресу, указанному ниже, в течение двух месяцев со дня публикации данного объявления.

Адрес для приема требований: г. Косшы, улица Республики 1/1, кв(офис) 23

Контактная информация:

Телефон: +77082128665

Email: batasova85@mail.ru

Ликвидатор: Батасова Олеся Владимировна

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН

ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТЕҢДІКТІҢ НЕГІЗІ

Зайырлы қоғам – бұл мемлекеттік құрылымның діни сенімдерден тәуелсіздігін білдіретін әлеуметтік жүйе. Қазіргі уақытта көптеген елдер зайырлы қоғамды қолдап, оны өз дамуындағы негізгі принциптердің бірі ретінде қабылдайды. Бұл қоғамның ерекшелігі – мемлекет пен діннің арақатынасын реттейтін жүйенің болуы және әрбір азаматтың өз дінін таңдау еркіндігіне ие болуы. Зайырлы қоғамда заңдар мен құқықтар барлық азаматтарға тең негізде беріледі. Сондықтан дінге қатысты қандай да бір басымдық жоқ.

Зайырлылық бұл мемлекет пен діннің өзара әрекеттестігінен тәуелсіздігін сақтауды көздейтін принцип. Бұл принцип әлемдегі көпшіліктің қабылдаған құндылықтарына негізделеді. Себебі дінге деген көзқарас әр адамда әртүрлі болуы мүмкін. Зайырлы қоғамда мемлекет діни сенімдерге құрметпен қарау керек. Бірақ бұл сенімдерді басқармайды және оларды заңдық немесе қоғамдық тәртіпке әсер ететіндей етіп қолданбайды.

Мұндай қоғамның негізгі қағидаттарының бірі – адам құқықтары мен бостандығын қорғау. Бұл принцип барлық азаматтардың діни немесе этникалық ерекшеліктеріне қарамастан, тең құқықтарға ие болуын қамтамасыз етеді. Зайырлылықтың негізінде, кез келген адам өз діни сенімін ұстануға, бірақ басқа адамдардың құқықтарын бұзбауға міндетті.

Зайырлылық, әсіресе, көпұлтты және көпдінді қоғамдар үшін аса зор. Ол қоғамдық татулықты қамтамасыз етуге және азаматтардың өзара түсіністігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әр адам өз діни сенімін еркін ұстана отырып, қоғамның басқа мүшелерімен бейбіт-

шілікте өмір сүре алады. Бұл жағдай Қазақстанда көрініс табады.

Оның құрылымы мен принциптері туралы айтатын болсақ, зайырлы қоғамның құрылымы әдетте келесі принциптерге негізделеді:

Мемлекет пен діннің бөлінуі: Мемлекет дінге араласпайды, ал дін өз қызметін тек діни ұйымдар аясында заңға сәйкес жүргізеді. Бұл принцип қоғамдағы діннің рөлін шектемейді. Бірақ мемлекеттік мәселелерде діннің ықпал етуін болдырмайды. Әр азамат өзінің діни сенімін еркін таңдай алады, бірақ ол мемлекет ісіне әсер ете алмайды.

Діни төзімділік: Зайырлы қоғамда әртүрлі діни сенімдер мен мәдениеттер бір-біріне құрметпен қарайды. Бұл принцип түрлі діндер мен этникалық топтар арасында түсіністік пен ынтымақтастықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заң алдындағы теңдік: Барлық азаматтар заң алдында тең болып табылады. Діни сенімі мен ұстанымына қарамастан, әркімнің құқықтары мен міндеттері бірдей. Бұл принцип жеке тұлғалардың өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін маңызды. Заң алдындағы теңсіздік принциптердің негізін бұзады.

Мемлекеттік білім беру жүйесінің тәуелсіздігі: Бұл қоғамда білім беру жүйесі – мемлекеттік және ол діннен тәуелсіз болады. Бұл мектептерде оқушыларды діни көзқарастарға емес, жалпы адам құқықтары мен ғылымға негізделген біліммен тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Президент Қ.Тоқаев: «Мен қоғамда жиі талқыланатын тағы бір мәселеге тоқталғым келеді. Қазақстан – Конституция бойынша зайырлы мемлекет. Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы», деген болатын.

Мемлекет діни сенімдерден тәуелсіз болғандықтан, түрлі топтар арасындағы түсініспеушілік пен араздықтың алдын алады. Мұндай қоғамда адамдар түрлі мәдениет пен діндерге қатысты төзімді болуды үйренеді.

Қазақстан зайырлы мемлекет. Конституцияға сәйкес, елімізде дін мемлекеттік құрылымға ықпал ете алмайды. Ал мемлекет барлық азаматтарға тең құқықтар мен бостан-



дықтарды ұсынады. Қазақстанның зайырлы болуына байланысты әр адам өз дінін таңдауға ерікті, және осы діннің құндылықтары мен рәсімдері қоғамдық өмірде еркін жүзеге асырылады.

Еліміздегі зайырлы қоғамның бір ерекшелігі – діни толеранттылық пен көпұлттылықты ұстану. Қазақстанда түрлі этникалық және діни топтар бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Бұл зайырлы қоғамның негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Алайда соңғы жылдары діни экстремизм мен радикализмнің таралуы бұл зайырлы қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы себепті, мемлекет діни ағымдардың таралуын бақылауға алу және жастарды дұрыс діни біліммен қамтамасыз ету үшін маңызды қадамдар жасап келеді.

Зайырлы қоғам – мемлекет пен діннің арақатынасын теңестіретін және әрбір азаматтың діни сенімін еркін таңдауға мүмкіндік беретін жүйе. Зайырлылық принципі қоғамдағы әртүрлі мәдениеттер мен діндер арасында бейбітшілік пен үйлесімділік орнатуға ықпал етеді. Әр адам өз дінін таңдай алады, бірақ мемлекет бұл таңдауға араласпайды. Қазақстандағы зайырлы қоғамның құрылымы азаматтар арасында теңдік, құқықтық әділдік және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

«ALDASPAN» талдау орталығы, Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша

Бетті дайындаған Дәулет АСАУ

АЙТСАМ ТІЛІМ КҮЙЕДІ, АЙТПАСАМ ДІНІМ КҮЙЕДІ

ҮКІМЕТ

АҚШАНЫҢ ҮНІ – АШЫҚТЫҚТА

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ ЖАЗЫЛУДА

(Басы 1-бетте)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали цифрлық теңге жобасы сыбайлас жемқорлыққа барынша бейім салаларда сынақтан өтіп жатқанын айтты. Бүгінде барлығы 250 млрд-қа жуық цифрлық теңге айналымға енгізілген. Әзірлеушілер әр ақша бірлігіне бірегей цифрлық белгілерді байланыстыруды қарастырады, бұл қаражаттың бөлінуінен бастап толық игерілуіне дейінгі барлық кезеңде қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді. Аталған әдістің АӨК-тегі тиімділігі Ақмола облысындағы шаруа қожалықтарының қатысуымен «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру барысында қаралды. Арнайы бағдарламаланған цифрлық теңге фермерлердің мал басын сатып алуына несие беру кезінде пайдаланылды әрі жалған мәмілелер мүмкіндігін жойып, процестің толық ашық өтуін қамтамасыз етті. Бекітілген Жол картасы шеңберінде жобаны іске асыру биыл Қарағанды, Павлодар және Атырау облыстарында теміржол және ав-

томобиль жолдарын салу кезінде жалғасады. Айта кету керек, отандық кәсіпкерлер апробацияға өз еркімен қатысады, бұл олардың Open Book қағидаты бойынша бизнесті ашық жүргізуге бейілділігін көрсетеді. Сонымен қатар цифрлық теңге базасында әкімшілендіру тиімділігін арттыру және ҚҚС қайтару рәсімін жеделдету үшін «Цифрлық ҚҚС» пилоттық жобасы іске қосылды. Премьер-Министр Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымының ауқымын одан әрі кеңейтудің, сондай-ақ бюджет қаражатын біршама үнемдеуді қамтамасыз ететін цифрлық теңгені неғұрлым кеңінен пайдаланудың маңыздылығын атап өтті. «Мемлекет басшысы атап өткендей, цифрлық теңге арқылы «ақшаны таңбалау және бояу» бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау тетігі болуы мүмкін. Жалпы, Ұлттық банк қаржы жүйесін цифрлық трансформациялау бойынша басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ауқымды жұмыс атқаруда. Цифрлық теңгеге келетін болсақ, талқылау-



дың негізгі тақырыбы ретінде мен сіздердің барлық бастамаларыңызды қолдаймын. Цифрлық теңгені енгізу жаңа технологиялық ахуалды ескере отырып, қаржыландыру үдерістерін оңтайландыруға көмектесетініне назар аудару қажет. Бизнес-үдерістер де өзгеріп, ашық болуы керек. Кәсіпкерлерге қатысты мынадай қағиданы ұстанған

жөн: бюджет ақшасымен жұмыс істесеңіз – ашық болыңыз. Оны қайда жұмсайтыныңызды және жеткізушілер мен мердігерлердің толық тізбегін ашып көрсетіңіз. Сондай-ақ цифрлық теңгенің пилоттық жобасын кеңейту қажет», деп атап өтті Олжас Бектенов. Кеңес қорытындысы бойынша Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі, Қаржы, Өнеркәсіп және құрылыс, Ұлттық экономика министрліктері жаңа цифрлық құралдар қолдануды реттейтін заңнамаға түзетулер пысықталып, сондай-ақ электронды ақшаны бағдарламалау әдіснамасы әзірленеді.

KZgovernment

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ПАРА АЛУШЫНЫ ҚАНДАЙ ЖАЗА КҮТІП ТҰР?

Пара алушы ретінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті лауазымды тұлға немесе оған теңестірілген тұлға танылады.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар – Қазақстан Республикасының Конституциясында, конституциялық және басқа заңдарында мемлекет функцияларын тікелей орындау және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін белгіленген лауазымдарды атқаратын тұлғалар.

Пара алу және коммерциялық пара алу үшін жаз

Пара алу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, пара беруге қарағанда қоғамға қауіпті әрекет ретінде қарастырылады.

Пара алу:

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлға немесе оған теңестірілген тұлға жеке өзі немесе делдал арқылы ақша, бағалы қағаздар, басқа мүлік, мүліктік сипаттағы құқықтар немесе пайда алу үшін пара алады, бұл әрекеттер (әрекетсіздік) пара берушіге немесе оның өкілдеріне пайда келтіруге бағытталған болса, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе оның қызметтік жағдайы мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, сондай-ақ жалпы қызметтік жеңілдік көрсету немесе көз жұмса – 700-ден 2 000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға немесе сотталған адамның жалақысы немесе басқа да табысы мөлшерінде айыппұл салуға, 7 айдан 1 жылға дейінгі мерзімде немесе 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 5 жылға дейін айыруға, мүлікті тәркілеумен немесе онсыз жазаланады.

Қылмысты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алса – мүлкі тәркіленіп, жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен



айналысу құқығынан айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмысты адамдар тобы алдын ала сөз байласып қорқытып алу арқылы немесе аса ірі мөлшерде бірнеше рет жасаса – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Пара беру:

Егер пара лауазымды тұлғаға тікелей немесе делдал арқылы берілсе – 700-ден 2 000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға, немесе сотталған адамның жалақысы немесе басқа да табысы мөлшерінде айыппұл салуға, 5 айдан 7 айға дейінгі мерзімде, не 2 жылға дейінгі мерзімде түзеу жұмыстарына, немесе 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер пара лауазымды тұлғаға оның заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілсе – 1 000-нан 3 000 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салуға, немесе сотталған адамның жалақысы немесе басқа да табысы мөлшерінде айыппұл салуға, 7 айдан 1 жылға дейінгі мерзімде, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғаға пара беру – 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 7 жылға дейін айыруға, мүлікті тәркілеумен бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Парақорлық және параға сатып алуда делдалдық ету

Пара жиі делдалдар арқылы беріледі және алынады – бағынысты қызметкерлер, жеке кәсіпкерлер, делдалдық фирмалардың қызметкерлері, олар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмысқа көмектесушілер ретінде қарастырылады.

Коммерциялық парақорлық та делдалдар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін – бағынысты қызметкерлер, бизнес серіктестері, арнайы жалданған тұлғалар, олар да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмысқа көмектесушілер ретінде қарастырылады.

Пара тікелей түрде ұсынылуы мүмкін («егер мәселе біздің пайдамызға шешілсе, онда сіз... аласыз»), сондай-ақ жанама түрде ұсынылуы мүмкін.

Пара берген немесе коммерциялық парақорлық жасаған азамат жауапкершіліктен босатылуы мүмкін, егер:

- Бопсалау фактісі дәлелденсе;
 - Азамат өз еркімен құқық қорғау органдарына жасаған әрекеті туралы хабарласа.
- Парақорлық немесе коммерциялық парақорлық туралы жалған мәлімет беру Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыс ретінде қарастырылады және алты жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады (351-бап).

З.Сәлімова,

Қосшы қ. тұрғындарының арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жобаның үйлестірушісі

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Қоқысты өртеп, қауіп төндірмеңіз!

Қазір көктемгі дала жұмыстары қызып тұрған шақ. Соңғы жылдары елді мекендер аумағында құрғақ шөп пен қоқыстың тұтануы жиілеп кетті. Мұндай өрттер, көбінесе, қоқысты дұрыс үйінділемеу және жағу кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін елемейтін салдарынан туындайды.

Мамандардың айтуынша, ҚР Өрт қауіпсіздігі Ережелеріне сәйкес, қоқысты жағуға тек арнайы талаптар орындалған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Атап айтқанда, қоқыс тек ашық, желсіз ауа райында, ғимараттар мен басқа да құрылымдардан кемінде 50 метр қашықта жағылуы тиіс. Сонымен қатар өрт сөндіру құралдарының (өрт сөндіргіш, су және т.б.) болуы – міндетті шарт.

Қоқыс жағылатын аумақ құрғақ шөп пен жапырақтардан мұқият тазартылуы қажет. Жағуға тек күндізгі уақытта және бақылау болған жағдайда ғана рұқсат беріледі. Қоқыс жанып болғаннан кейін, от толығымен сөндіріліп, сумен мұқият өшірілуі керек. Өшірілмеген отты қараусыз қалдыру – үлкен қатер.

Қосшы қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды ашық алаңдарда бақылаусыз от жағудан бас тартуға шақырады. Қарапайым сақтық шараларын елемей айналаңыздағы тұрғын үйлер мен адамдардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Ережелерге бағынбаған жағдайда, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 336-бабына сәйкес жеке және лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Қосшы қаласының
Төтенше жағдайлар бөлімі

**НАЗАР АУДАР!
ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ!**

ҚР ТЖМ Ақмола облысының төтенше жағдайлар Департаменті аумақ тұрғындарын және қонақтарын ескертеді!

**ВНИМАНИЕ!
ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД!**

Департамент по ЧС Акиминской области МЧС РК обращается к жителям и гостям региона!



**ҚҰРҒАҚ ШӨПТЕРДІ ЖАҚПАҢЫЗДАР, ӨЗГЕЛЕР ШӨПТІ ЖАҚҚАН КЕЗДЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ КАРАМАҢЫЗДАР!
НЕ ПОДЖИГАЙТЕ СУХУЮ ТРАВУ** не оставяйтесь равнодушными, если другие поджигают траву!

АҚША КЕТУГЕ ТЫРЫСАДЫ, ЕСЕП ҰСТАУҒА ТЫРЫСАДЫ

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

ҚАНЫШ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МАЙДАН

ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ АЛТЫН КӨПІР

Санжар Керімбайдың былтыр жарық көрген «Қаныш және ғылыми майдан» кітабы көпшіліктің танымын кеңейтіп, академик-ғалымның болмысын ашып, еңбек жолын саралай түсуге үлкен септігін тигізген еді. Жақында кітаптың авторы Қосшы қаласына ат басын бұрып, тұрғындармен кездесуге келді.

«Қосшыға барасың дегенде көз алдыма шағын ауыл елестеп еді, сөйтсем, Америкаға кіріп кеткендей әсерде отырмын. Қала үлкен жылдамдықпен дамып жатыр екен. Көп ұзатпай келгендегі мақсатымды түсіндіріп, әңгімемді бастай берейін. Көпшілігі неге «Ғылыми майданды» жаздың деп жатыр екен. Оның өткен жылы жазылуы Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына дөп келген жай ғана сәйкестік болды. Ал біздің негізгі мақсатымыз – қазақтың қалыптасуына үлес қосқан азаматтардың еңбегін насихаттап, келер ұрпаққа жеткізу», деп кітап авторы халықтың аузында жүрген аталған еңбегі туралы сөзін сабақтады.

Залда ұйыған тыныштық. Жасы да, жасамысы да автордың аузынан шыққан әрбір сөзін қалт жібермей, ұйып тыңдады. Екі сағатқа созылған кездесуде ағартушының айтқан сөздері көпшіліктің санасына салмақ салып, «ал мен елім үшін не істей алдым?» деген сұрақты көмейіне әкелген де шығар.

Санжар Керімбай сөз арасында «Қазір заманауи мектеп, баланың тілі шыққаннан «гений» етеміз дейтін орталық ашып, «бәрін білемін» дейтін коуч, шеберлік кластары, қызыл жіп, сәттілік әкелетін, ақша көбейтетін әмиян сататындар көбейді. Тіпті Меккеге барып, шотыма ақша сал, тілегіңді жеткіземін дейтіндерге не дәрмен? Мәнсіз, мағынасыз, мейірім, махаббатсыз дүние. Бұл бізді тығырыққа тіреп, ұйыққа апармаса, алысқа жеткізбесі анық. Надандықтан қалай шығамыз деген ой мені жиі мазалады. Осындай кезде

бізді тек өткеніміздің болмысы құтқаратыны шындық... Қаныш құрған академия тарап кеткен еді, алты айдың ішінде президент пәрменімен оны қайта қалпына келтірдік, ғалымның болмысын қайта зерттеп, насихаттауды қолға алдық», деп ол қазақтың маңдайына біткен ұлы академикті зерттеу қазақ қоғамына қандай өзгеріс әкеліп жатқандығын айтып өтті.

Академик Қаныш Сәтбаев – қазақ халқының біртуар тұлғасы, көрнекті ғалым, геолог, тау-кен инженері, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Оның осы бағыттағы еңбегінен бөлек адамдық болмысы, қазақи танымы терең. Геология ғылымының негізін қалаушы ғалым Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге өлшеусіз үлес қосты.

Ол Қазақстанның геологиялық картасын жасауға басшылық етіп, көптеген жаңа кен орындарын ашқан. Сәтбаев десе металлогения, палеогеография, стратиграфия және басқа да геология ғылымының салалары бойынша көптеген іргелі еңбектері еске түседі. Оның ғылыми зерттеулері әлемдік ғылымға қосылған үлкен үлес болып табылатынын өскелең ұрпақ білуі тиіс.

Санжар Керімбай осы тұрғыда былай дейді: «2022 жылы жазушы Медеу Сәрсекенің Сәтбаев туралы жазған еңбегін оқып, есім кетті. Кітаптың авторы тірі ме екен деп сұрастыра жүріп, немересімен байланысып, кездестім. Үйіне барсам, жасы 86 келген қарт кабинетінде «Қазақтың Қанышы» деген кітабына қайталап редакция жасап отыр екен. Құлағы естімейді.



«Маған сұрақ қойып әуре болма, тек айтқанымды тыңдап отырсаң болды!» деді. Содан жалықпай біраз мағлұматқа қанық болдым. Сондағы түсінгенім, ұлт үшін жаратылған адам қанша жерден тығыраққа тіреліп, ажал аузында тұрса да өлмейді екен. Қазақты ғылым жолына әкелген Қаныш, әйтпесе ес білгеннен аштықты, репрессияны, соғысты, жоқшылықты көріп, бірнеше рет өкпе ауруынан азап шегіп, қымыз ішіп аман қалған адам. Елдің жүгін арқалау маңдайыңа жазылса, сені алатын ажал, зұлмат, ауру жоқ екен. Ал қазіргі жастардың 35-40 жасқа жетпей аурудан көз ашпауы – сол Қаныш сияқты «тәңірлік азапқа» салынып, ұлттың ертеңіне бас ауыртпауында ма деп ойлаймын», деп кітап авторы тау тұлға туралы біраз тың ақпаратты жайып салды.

Қаныш – тек қана ғалым емес, сонымен қатар өз халқының тағдырына бейжай қарай алмаған зиялы тұлға еді. Ол қазақ тілі мен мәдениетінің дамуына, ұлттық кадрлардың даярлануына үлкен мән берді. Үлкен ғылыми жетістіктерге жеткеніне қарамастан, Қ.Сәтбаев қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен ерекшеленді. Ол барлық адамдармен тең дәрежеде сөйлесіп, олардың пікіріне құрметпен қарады. Өз принципіне беріктігінің арқасында мүмкін еместі мүмкін еткен әділ, шыншыл азаматтың бейнесі бұл кездесуде айқын дәлел, тың ақпараттармен ашыла түсті.

Кездесу соңында сөз тізгінін алған Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Беркен Жұмкейұлы: «Бұл кездесудің орны бөлек. Ғылыми майданда жеңіске жеткен академик, ғалым Қаныш Сәтбаев бүгін жаңа қырынан ашылғандай болды. Мұндай жиындарға тек кітапханашылар мен ұстаздар ғана емес, мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар қатысуы да керек еді. Қазіргі күні қызметте жүріп, үстімізден бірнеше шағым түссе, қалай қиналып кетеміз. Ал мына азаматтардың үстінен қаншама арыз-шағым түсіп, қысымда жүрсе де берілмей, ұлт үшін, қазақтың ертеңі үшін деп аянбай тер төкті. Мемлекеттік қызметті енді бастап жатқан жастар бүгінгі дәрісті тыңдаулары керек. Сонда жүйе өзгереді. Түсінік пен таным қалыптасады», деп кездесу қонағына алғысын айтып, сый-сияпат жасады.

Кездесу соңында қаланың еңбек ардагерлері мен ақсақалдары Санжар Керімбайға ақ батасын беріп, еңбек жолына сәттілік тіледі.

Гүлназ БИСЕН



«Jana Bastau» газетіне оңай жазылыңыз!

Құрметті оқырмандар!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу жалғасып жатыр!

Жазылу енді бұрынғыдан да оңай!

Kaspi.kz қосымшасы арқылы ешқайда бармай-ақ, бар болғаны 1 минутта жазылыңыз!

Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → «Jana Bastau» газеті

«Қазпошта» бөлімшесінде жазылуды рәсімдеу

Жазылым бағасы:

Жеке тұлғаларға – 7000 тг

Занды тұлғаларға – 7500 тг

Қазақ және орыс тілдерінде аптасына 1 рет шығады. Ең өзекті жаңалықтар, экономика, қоғам, мәдениет және саясат.

Жазылымға дәл қазір тапсырыс беріңіз!

Байланыс: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – сіздің қалаңыздың үні!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau» легко и удобно!

Уважаемые читатели!

«Jana Bastau» – социально-экономическая и общественно-политическая газета города Косшы. Продолжается подписка на 2025 год!

Подписать теперь проще, чем когда-либо!

Через приложение Kaspi.kz – оформите подписку всего за 1 минуту, не выходя из дома!

Kaspi.kz – Платежи – СМИ – Газета «Jana Bastau»

В отделении «Казпочты» – оформите подписку

Стоимость подписки:

Для физических лиц – 7000 тг

Для юридических лиц – 7500 тг

Выходит 1 раз в неделю На казахском и русском языках Актуальные новости, экономика, общество, культура, политика

Оформите подписку прямо сейчас!

Контакты: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – голос вашего города!

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ
Нөмердің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz